

№ 1 бүйрек
1-көсөмшә
«08» 01 2025 ж.

**«Essential debates» қалалық шығармашылық байқауын
ұйымдастыру және өткізу**

ЕРЕЖЕСІ

I. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

«Essential debates» қалалық шығармашылық байқауы (бұдан әрі-Байқау) білім беру ұйымдарының ағылшын тілі пәні педагогтерінің қалалық байқауын құру және жұмыс істеу тәртібін реттейді.

1.1. Байқауды ұйымдастырушы Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МҚҚҚ (бұдан әрі - Орталық)

1.2.. Байқау Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МҚҚҚ 2025 жылға арналған жұмыс жоспарына сәйкес өткізіледі.

1.3. Қатысуышылар: орта білім беру ұйымдарының ағылшын тілі пәні педагогтері.

1.4. Нәтижелерді жариялау: байқаудың кезеңдері бойынша қорытындысы Орталық сайтында орналастырылады: <https://astana-modern.edu.kz/>

II. БАЙҚАУДЫҢ МАҚСАТЫ МЕН МИНДЕТТЕРИ

2.1 Мақсаты: педагогтердің үздіксіз білім мен кәсіби дамуын қолдау; білім беру жүйесіндегі мәселелерді талқылауға және шешуге қатысу; Астана қаласындағы педагогтер арасында ағылшын лигасының пікірталас қозғалысын дамыту, танымал ету және қолдау.

2.2 Міндеттері:

- 1) Ағылшын тілі мұғалімдерінің үздіксіз білім алуды мен кәсіби дамуын қолдау;
- 2) Жалпы мәдени ой-өрісін кеңейту, ағылшын тілі мұғалімдерінің академиялық және академиялық емес білім деңгейін арттыру, педагогтердің шешендік шеберлігі мен көпшілік алдында сөйлеу дағдыларын қалыптастыру;
- 3) Ағылшын тілі мұғалімдерінің зияткерлік, шығармашылық қабілеттерін, зерттеу, ұйымдастыру, коммуникативтік дағдыларын дамыту;

- 4) Позитивті, сынни ойлауды, жүйелі талдау дағдыларын, өз ұстанымын білдіруді, сындарлы диалог пен дауды жүргізудің парламенттік мәдениетін, дәлелдеу өнерін қалыптастыру;
- 5) Қазақстандық қоғамда орын алып отырған өзекті проблемалық жағдайларды талдау және жария талқылау арқылы ағылшын тілі мұғалімдерін өзекті қоғамдық-саяси тақырыптардағы пікірталасқа тарту жөніндегі жұмысты жандандыру;
- 6) Педагогтер арасында пікірсайыс ойындары мен сындарлы пікірталастарды насиҳаттау, Астана қаласының пікірсайыс клубтары арасында тәжірибе алмасуға қолдау көрсету.

ІІІ БАЙҚАУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ

- 3.1. Байқауды ұйымдастыру және өткізіп, қорытындысын шығару үшін комиссия мүшелері құрылады.
- 3.2. Байқаудың комиссия мүшелері Орталық басшысының бұйрығымен бекітіледі.
- 3.3. Комиссияның құрамы ЖОО-ның тәжірибелі педагогтерден, қалалық Педагогтер қауымдастығының мүшелерінен, қоғамдық ұйым қызметкерлерінен құрылады.
- 3.4. Байқауды өткізу туралы хабарландыруды 15 күн бұрын Орталықтың интернет-ресурстарында орналастырады.
- 3.5. Қалалық комиссия құрамы байқаудың кезеңдері бойынша қорытынды шығарып, жеңімпаздар туралы шешім қабылдап, жеңімпаздарды марапаттауды жүзеге асырады.
- 3.6. Комиссия мүшелерінің дауыстары тең болған жағдайда, комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады.
- 3.7. Комиссия мүшелері бағалауды критерийлер бойынша тиісті бағалау парактарына сәйкес жүзеге асырады. Комиссияның әрбір мүшесі бағалау парактарын комиссия хатшысына тапсырады. Комиссия шешімі хаттамамен ресімделеді.
- 3.8. Комиссия мүшелері:
 - байқауға қатысушылар ұсынған материалдардың сапасын бағалайды;
 - байқау шенберіндегі барлық іс-шараларға қатысады;
 - барлық кезеңдерде қатысушылардың жұмыстарын бағалаудың қорытынды хаттамаларын жасайды.
- 3.9. Байқау 2025 жылдың 27 ақпан күні өткізіледі.
- 3.10. Байқауға әр мектептен бір ағылшын тілі пәні педагогі қатысады. Білім беру ұйымы байқауға үш қатысушының ішінен бір команда жіберуге күкүлі.
- 3.11.Байқауға қатысуға өтінімді (қосымша 1) 1 ақпанға дейін a.amirova@astana-modern.edu.kz электронды поштасына жіберіледі.

Анықтама алу үшін 87757740895 телефоны арқылы байланыса алады. Байқауға қатысу үшін өтінім төменде көрсетілген сілтеме бойынша Google-нысанын толтыру арқылы 1 ақпанға дейін жіберіледі. Тіркелу сілтемесі: <http://surl.li/lxrsm1>

3.12. Қойылған талаптарды бұза отырып орындалған, кешіктірілген материалдар қаралмайды, қабылданбайды. Байқау материалдарына пікір берілмейді және қайтарылмайды.

IV. ТУРНИРДІ ӨТКІЗУ ШАРТТАРЫ МЕН ТӘРТІБІ

4.1. Турнирдің барлық кезендері формат бойынша өткізіледі WSDC (*World Schools Debating Championship, Пікірсайыс Бойынша Әлем Чемпионаты*)

4.2. Турнирдің барлық кезендері WSDC форматында өткізіледі.

4.3. Турнир екі айналымда өтеді. Бірінші раунд-ірктеу кезендері. Екінші раунд-негізгі Ойындар: жартылай финал және финал. Ірктеу ойындары 3 раундтан тұрады. Әр раундқа бір қарар (резолюция) беріледі.

4.4. Ирктеу ойындарының 3 раунды аяқталғаннан кейін негізгі ойындарға дайындық жүргізіледі. Ол үшін әр команданың үш раундтағы нәтижелері жазылады, үпайлардың жалпы саны есептеледі және оларды қосу арқылы әр қатысушының дәрежелері анықталады. Жалпы нәтиже жиынтық тізімге енгізіледі. Ирктеу ойындарының нәтижелері жарияланғаннан кейін жартылай финалға шыққан командалар анықталады. Жартылай финалға әр топтағы ірктеу кезеңінің жеңімпаздары шығады.

Жартылай финалда командаларға бір қарар беріледі. Жартылай финалдың қорытындысы бойынша финалға әр пікірсайыс палатасынан (debate chamber) жеңімпаз командалар шығады.

4.5. Командалардың тақ санына байланысты жеребе бойынша бір команда «демалады». Өткізілген раунд үшін демалған команда автоматты тұрде командалық балл мен спикердің орташа балын алады.

4.6. Төрешілік пікірсайыс клубтарының тәжірибелі пікірсайысшылары арасынан төрешілер алқасы арқылы жүзеге асырылады. Ұйымдастырушылар төрешілердің бірін турнирдің бас төрешісі етіп анықтайды. Турнирдің бас төрешісі ойындардың кестесі мен тақырыбын баяндайды, төрешілерді ойындарға бөледі, ойындардың барысын бақылайды, ойынды бағалауға құқылды. Tabbycat (парламенттік пікірсайыс турнирлеріне арналған жеребе кестесінің жүйесі) жүйесімен анықталады.

4.7. Ойын төрешісі талқылауға қатысушыларды WSDC регламентіне сәйкес шақырады, ораторияда орын ұсынады, ойын өткізеді, ойын

қорытындылары туралы шешім қабылдайды, шешім бойынша түсініктеме береді.

4.8. Ойын барысында төреші Тайм-кипер қызметін атқарады.

Тайм-кипер міндettі: презентациялық немесе сындарлы сөйлеудің бірінші минутынан кейін және оның аяқталуына бір минут қалғанда үстелді ұрып және тиісінше сөйлеушіге сұрақ қою немесе түсініктеме беру мүмкіндігінің пайда болуы/жоғалуы туралы сигнал беру; сөйлеушілерге олардың қанша минут сөйлейтінін/сөйлеуге қанша уақыт қалғанын (саусақпен немесе белгімен) көрсетеді; сөйлеушіге үстелді қайта ұру кезінде спикер қатысуышының сөзіне бөлінген уақыттың өткендігі туралы сигнал береді; егер қатысуыш 30 секундтық уақыт шегінен асып кетсе, ол судьяға хабарлайды. Судья оның жолдарын жазуды тоқтатады және сөйлеушіні сөйлеуін аяқтап, өз орнын алуға шақырады.

4.9. Бас төреші раундтың 15 минуттан кейін басталатынын хабарлайды. Экранда раундтың шешімі көрсетіледі. Хабарландырудан кейін ойыншылар қарапарды түсініп, кейсті ойластырып, нақты дәлелдер дайындалап, басқа командалардың не айтатынын болжап, бәрін біртұтас етіп біріктіруі керек.

4.10. Ойыншылар үшін жалғыз ақпарат көзі-серіктес және кез-келген жазбаша материалдар. Интернетте ақпарат іздеуге және ойын кезінде жалпы электрондық құрылғыларды пайдалануға рұқсат етілмейді.

4.11. Турнир барысында әр төреші төрешінің (ballot) бағалау парагына ұпайлар мен түсініктемелер енгізеді. Судья раундтың жалғыз және өкілетті төрешісі және оның шешімі түпкілікті болып табылады және 15 минут ішінде қабылданады.

4.12. Төрешілік критерийлері:

- а) өзектілік;
- б) дәлелдеу;
- в) маңыздылығы;
- г) шындық.

Судьялар кейстердің сапасы мен мазмұнын бағалайды. Дәлелдердің, фактілердің және ақпараттың көптігіне байланысты командалар басымдыққа ие болмайды.

4.13. Женімпаздар жеке спикерлік тесттерде анықталады. Жеке раундта жеңіске жету үшін команда 1 ұпай алады, егер ұтылса ұпайлар берілмейді. Спикерлік баяндамалар 50-80 балдық жүйе бойынша бағаланады.

4.14. Бас төреші жеребе арқылы командалардың өнер көрсету тәртібін, турнирді өткізу регламентін, сессия залдарының санын айқындаиды,

командалар мен қазылар алқасының мүшелерін сессия залдары (шағын-конференциялар) бойынша бөледі, раунд басталғанға дейін 30 минут бұрын қарапды жариялады.

4.15. Ойынның барысын турнир ұйымдастырушылары мен бас төреши бақылайды. Әр раунд аяқталғаннан кейін қарапларды жариялай отырып, бас төреши командаларды келесі раундқа бөледі.

4.16. Төреши ойынның жалғыз және өкілдегі төрешиңі болып табылады, оның шешімі түпкілікті болып табылады және қайта қарауға жатпайды.

V. БАҒАЛАУ КРИТЕРИЙЛЕРІ

5.1. Төрешилік.

Судья-бейтарап, адал, объективті, жалпы орташа мәні бар пікірсайыс технологиясын менгерген білімді адам. Төрешилерге өз шешіміне 7 минут, басқа төрешилермен талқылауға 10 минут және ойыншыларға өз шешімін түсіндіруге 10 минут беріледі. Бағалау критерийлері:

берілген дәлелдердің сапасы (мазмұн);

айқындық, шындық, сөйлеу стилі;

стратегия (аргументтерге басымдық беру, қарапды түсіндіру).

Сom процесi:

раунд кезінде жазбаларды жүргізу;

манызды клэштерді анықтау және талдау;

женімпаз және женілген команданың анықтамасы;

әр ойыншыға спикер ұпайларын беру;

ballot тапсыру;

қажет болған жағдайда әр бір ойынши кері байланыс, түсініктеме береді;

5.2. Спикер ұпайлары. Спикерлік ұпайлар төмендегі кесте бойынша 1-3 спикерге қойылады. Талдаушылардың ұпайлары екіге бөлінеді.

Стандарт	Жалпы(/100)	Стиль(/40)	Мазмұн(/40)	Стратегия(/20)
Мінсіз	80	32	32	16
Үздік	76-79	31	31	15-16
Өте жақсы	74-75	30	30	15
Жарайды	71-73	29	29	14-15
Орташа	70	28	28	14
Орташадан төмен	67-69	27	27	13-14
Әлсіз	65-66	26	26	13
Өте әлсіз	61-64	25	25	12-13
Жақсартулар қажет	60	24	24	12

VI. ҚАТЫСУШЫЛАРДЫ МАРАПАТТАУ

Турнир қорытындысы бойынша төрешілер алқасы жеңімпаздар мен турнирдің үздік спикерін анықтайды. Жеңімпаздар I, II, III дәрежелі дипломдармен, «Үздік спикер» диплом және кубокпен марапатталады. Турнирдің барлық қатысушыларына сертификаттар беріледі.

Ескерту: қатысушылардың киім формасы классикалық.

Ережеге 1-қосымша

«Essential Debates» байқауына қатысуға сұраныс
Мені конкурсқа қатысуға жіберуінізді сұраймын. Өзім туралы мына
мәліметтерді хабарлаймын:

№	
1.	Т.А.Ә. (толық)
2.	Лауазымы
3.	Білім беру үйіміның атауы
4.	Электронды мекенжайы
5.	Байланыс телефоны
6.	Еңбек өтілі

Төрешілер парагы

Бөлім № _____ Аудитория _____ Уақыт: _____

Қарар: ЭП _____

Үкімет	Фракция	Оппозиция	
Ф.И.О	Балл	Ф.И.О	Балл
П1	_____	O1	_____
П2	_____	O2	_____
П3	_____	O3	_____

Фракция жеңімпазы: фракция _____
үкімет / оппозиция

Судьяның т. а. ә., қолы _____